**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 122-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, жинақтасын және айдың 5-і күнінен кешіктірмей, жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

*Премьер-Министр* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 16 тамыздағы
№ 122-ө өкімімен
бекітілген

**Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері**

**бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі**

| Р/с № | Құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі | Құқықтық актінің сапалы және уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | ҚМА (келісу бойынша ) | 2024 жылғы қыркүйек | Ұ.Е. Раисов |
| 2. | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЦДИАӨМ | 2024 жылғы қыркүйек | Р.А. Коняшкин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаулысына өзгеріс енгізу туралы | | | | |
| 3. | "Цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20 және Қазақстан Республикасын | Қазақстан Республикасы-ның Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірлескен бұйрығы | ҚМА (келісу бойынша), ЦДИАӨМ | 2024 жылғы қыркүйек | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ың Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 68/НҚ бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | | | | Ұ.Е. Раисов, Р.А. Коняшкин |
| 4. | "Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының бұйрығы | ҚМА (келісу бойынша) | 2024 жылғы қыркүйек | Ұ.Е. Раисов |
| | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша ) | 2024 жылғы қыркүйек | Н . А . Әбдірахманов | |
| 6. | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін жаппай қырып-жою қаруының таралуын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасы-ның қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша ) | 2024 жылғы қыркүйек | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 95 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | | | | Н . А . Әбдірахманов |
| 7. | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 96 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасын-ың қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша ) | 2024 жылғы қыркүйек | Н . А . Әбдірахманов |
| | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, өзара сақтандыру қоғамдары, Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасы-ның қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша) | 2024 жылғы қыркүйек | Н.А. Әбдірахманов | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 97 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | | | | |
| 9. | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қор биржасы үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 98 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасы-ның қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша ) | 2024 жылғы қыркүйек | Н . А . Әбдірахманов |
| | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | бақылау қағидаларына банкаралық ақша аудару жүйесінің операторын немесе операциялық орталығын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 29 қазандағы № 105 қаулысына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасы-ның қаулысы | ҚНРДА (келісу бойынша) | 2024 жылғы қыркүйек | Н. А. Әбдірахманов |
| 11. | Қамтамасыз етілген цифрлық активтердің аударылуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы-ның Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының бұйрығы | ҚМА (келісу бойынша) | 2024 жылғы қыркүйек | Ұ.Е. Раисов |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | | |
|---|---|---|
| ҚМА | – | Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі |
| ҚНРДА | – | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| ЦДИАӨМ | – | Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК